

2016 жылды Ақтөбе қаласы аумағында әскерге шақыру участесіне тіркеуді үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 15 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 4633 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылды 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушиларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру участесіне тіркеу жылды он жеті жасқа толатын 1999 жылды туған ерекк жынысты азаматтарды, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтөбе қаласының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.
2. "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы азаматтардың шақыру участесіне тіркелуін үйимшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, тіркеу қорытындысы туралы 2016 жылдың 11 сәуірінде қала әкіміне хабарласын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Арынғазиеваға және "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Сұндетовке жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б.Сағын